

«Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының
Директорлар кеңесінің сырттай
отырысының 2021 жылғы «18» наурыздағы
№ 3 хаттамасына/шешіміне
№ 1 қосымша

**«Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының
Комплаенс-бақылаушысы туралы ереже**

Алматы қ., 2021 жыл

Мазмұны

1-тарау. Жалпы ережелер	3
2-тарау. Біліктілік талаптары	3
3-тарау. Комплаенс-бақылаушының мақсаттары мен міндеттері	4
4-тарау. Комплаенс-бақылаушының лауазымдық міндеттері	4
5-тарау. Комплаенс-бақылаушының құқықтары мен жауапкершілігі	6
6-тарау. Комплаенс-бақылаушының еңбегіне ақы төлеу және әлеуметтік қамсыздандыру	7
7-тарау. Қорытынды ережелер	8

1-тарау. Жалпы ережелер

1. «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының Комплаенс-бақылаушысы туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасының заңнамасына және «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) ішкі регламенттеуші құжаттарына сәйкес әзірленді.

2. Қоғамның Комплаенс-бақылаушысы (бұдан әрі – Комплаенс-бақылаушы) – құзыретіне комплаенс-тәуекелді анықтау, бағалау, азайту, бақылау, алдын алу және мониторингілеу жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру кіретін Қоғамның қызметкері. Комплаенс-бақылаушы комплаенс-тәуекелді басқару бөлігінде Қоғамның қызметін үйлестіруге және Қоғамның комплаенс-тәуекелді басқару жөніндегі саясатты іске асыруға жауапты болады.

3. Комплаенс-бақылаушыны тағайындауды мақұлдауды Қоғамның Директорлар кеңесі жүзеге асырады. Комплаенс-бақылаушы Қоғамның Директорлар кеңесіне тікелей бағынады және есеп береді, сондай-ақ оған белгіленген құзырет шеңберінде орындалатын өзінің функционалдық міндеттерін жүзеге асыру кезінде тәуелсіз болады.

Комплаенс-бақылаушымен еңбек шартын Қоғамның осыған уәкілеттік берілген қызметкері жасайды. Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес Комплаенс-бақылаушыға демалыс беру Қоғамның ішкі регламенттеуші құжаттарында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

4. Комплаенс-бақылаушы өз функцияларын Қазақстан Республикасының заңнамасына, халықаралық стандарттарға, Қоғамның ішкі регламенттеуші құжаттарына және осы Ережеге сәйкес және негізінде жүзеге асырады.

5. Комплаенс-бақылаушының Қоғамның басқа бөлімшелерінің бизнес-процестеріне қатысуға және лауазымдарды қоса атқаруға құқығы жоқ.

6. Осы Ережеде мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

1) комплаенс-бақылау – комплаенс-тәуекелдерді анықтауға, азайтуға және болашақта оларға жол бермеуге бағытталған Қоғам қызметін бақылау, мониторингілеу және талдау жөніндегі рәсімдер;

2) комплаенс-тәуекел – Қоғамның және оның қызметкерлерінің қызметінде келесілер салдарынан сыбайлас жемқорлық тәуекелінің, беделдік тәуекелдің, қаржылық залалдың туындау ықтималдығы:

- Қазақстан Республикасы заңнамасының, сондай-ақ Қоғамның ішкі ережелері мен рәсімдерінің талаптарын сақтамау;

- лауазымдық міндеттерін жосықсыз орындау, өкілеттіктерін теріс пайдалану, берілген ресурстарды мақсатсыз пайдалану.

2-тарау. Біліктілік талаптары

Қоғамның Директорлар кеңесінің 28.04.2023 № 6 шешімімен 7-тармаққа өзгеріс енгізілді.

7. Комплаенс-бақылаушы лауазымына тағайындалатын тұлғаның біліктілігіне қойылатын талаптар:

1) білімі: жоғары заңдық;

2) жалпы еңбек өтілі: қаржы қызметтерін ұсыну және (немесе) реттеу саласында кемінде 5 (бес) жыл немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің құрылымында ұқсас салада кемінде 2 (екі) жыл;

3) комплаенс-тәуекелдерді басқару жөніндегі міндеттерді орындау үшін жеткілікті кәсіби және жеке қасиеттердің болуы;

4) мінсіз іскерлік бедел;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасын білу және оны практикада қолдана білу.

8. Комплаенс-бақылаушы лауазымына кандидаттың алынбаған немесе өтелмеген соттылығының болуы, сондай-ақ кандидаттың осы Ереженің 7-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келмеуі сәйкессіздік болып табылады.

3-тарау. Комплаенс-бақылаушының мақсаттары мен міндеттері

9. Комплаенс-бақылаушының негізгі мақсаты Қоғам қызметіндегі комплаенс-тәуекелді барынша азайтуды қамтамасыз ету болып табылады.

10. Комплаенс-бақылаушының негізгі міндеттері:

1) Қоғам қызметінің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, сондай-ақ Қоғамның ішкі қағидалары мен рәсімдеріне сәйкестігіне ішкі бақылауды жүзеге асыру;

2) Қоғам жұмысының тиімділігін арттыруды қамтамасыз ететін Қоғамның тәуекелдерін басқарудың жалпы жүйесі шеңберінде комплаенс-тәуекелді басқару жүйесін құру;

3) Қоғамның бизнес-процестерін іске асыру, тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу, операторы болып айқындалған бағдарламаларды Қоғамның іске асыруы, жеке және заңды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасау кезінде комплаенс-тәуекелдерді азайту үшін комплаенс-тәуекелді басқару жүйесін енгізу;

4) Қоғамның іскерлік беделін қорғауға ықпал ету;

5) мүдделер қақтығысын басқару;

6) Қоғамның және оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету.

4-тарау. Комплаенс-бақылаушының лауазымдық міндеттері

11-тармақ Қоғамның Директорлар кеңесінің 30.10.2023 жылғы №14 шешімімен Енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес редакцияда жазылды.

11. Комплаенс-бақылаушының лауазымдық міндеттері:

1) Қоғамдағы комплаенс-тәуекелдерді басқару бойынша жұмысты үйлестіру, ықтимал комплаенс-тәуекелдерді анықтау және бағалау, сондай-ақ комплаенс-тәуекелдерді тұрақты мониторингілеуді және тіркеуді (құжаттауды) жүзеге асыру;

2) Қоғамда, оның ішінде Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы корпоративтік әдеп пен мінез-құлық мәселелері бойынша комплаенс-бақылаудың әдіснамалық негізін, ұйымдастырылуын және жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

3) комплаенс-тәуекелдің туындауының алдын алу мақсатында Қоғам қызметін тәуелсіз, жан-жақты және тұрақты бағалау, Қоғамдағы комплаенс-тәуекелдердің жай-күйі туралы есепті дайындау, сондай-ақ Қоғамдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігіне және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды іске асыруға қатысты ақпаратты жинау, өңдеу, қорыту, талдау және бағалау;

4) Қазақстан Республикасы заңнамасының және Қоғамның ішкі регламенттеуші құжаттарының талаптарын бұзуға жол бермеуге бағытталған алдын алу шараларын қабылдау мақсатында Қоғамның негізгі қызмет түрлері бойынша бизнес-процестерді талдау және Қоғамның Басқармасы мен Директорлар кеңесін нақты комплаенс-тәуекелдер туралы уақтылы хабардар ету;

5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамадағы өзгерістерге, сыбайлас жемқорлыққа байланысты істер бойынша сот практикасына мониторинг және талдау жүргізу, комплаенс саласындағы Қоғамның ішкі регламенттеуші құжаттарының өзектілігін, оның ішінде ҚР заңнамасына сәйкестігі қатысында бағалау, сәйкессіздіктер анықталған жағдайда оларды жедел жою және (немесе) қажет болған жағдайда Қоғамның жауапты бөлімшелеріне сыбайлас жемқорлыққа байланысты тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша ұсыныстар беру;

6) Қоғамның Қазақстан Республикасының заңнамасын, Қоғамның қызметіне ықпал ететін халықаралық стандарттарды сақтауы тұрғысынан тексерулер жүргізу, Қоғамның ішкі регламенттеуші құжаттарының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келтірілуін бақылауды жүзеге асыру;

7) Қоғам қызметкерлерінің қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы заңнама талаптарын, сондай-ақ Қоғамның қаржы нарығындағы қызметі тәртібін регламенттейтін Қоғамның ішкі құжаттарын сақтауын бақылауды жүзеге асыру, заңнамада инсайдерлік ақпаратқа иелік етуге және пайдалануға қойылатын талаптарды орындау бойынша шаралар қабылдау;

8) Қоғамның лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы талаптарды және қаржылық бақылау шараларын сақтауын бақылауды жүзеге асыру;

9) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган бекіткен сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес Қоғам қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді үйлестіру, анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою, Қоғам қызметін ұйымдастырудың ішкі процестерінің тиімділігін арттыру жөнінде ұсынымдар беру;

10) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган мен Қоғамның бірінші басшыларының бірлескен шешімі бойынша жүргізілетін Қоғам қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы талдауға қатысу;

11) Қоғамда комплаенс мәселелері бойынша, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша семинарлар, вебинарлар, лекциялар және өзге де іс-шаралар өткізу;

12) комплаенс мәселелері бойынша өтініштерді, оның ішінде Қоғам қызметкерлері жіберген сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар және олардың қызметінде орын алған мүдделер қақтығысы мәселелері бойынша қызметкерлер мен үшінші тұлғалардың өтініштерін, сондай-ақ Қоғам қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі заңнамасын бұзушылықтарын қарау, көрсетілген өтініштер негізінде қызметтік тексерулер жүргізу және (немесе) қатысу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша Қоғамның құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің ақпаратын тыңдау;

13) Қоғамда сыйлықтар беру және алу мәселелерін реттеу жөнінде шаралар қабылдау;

14) мүдделер қақтығысының, оның Қоғам қызметінде, оның ішінде жұмысқа орналасу, Қоғамның сатып алу және бизнес-процестері мәселелерінде туындайтын жағдайлардың алдын алу, анықтау және реттеу жөніндегі іс-шараларды үйлестіру;

15) Директорлар кеңесінің қарауына және бекітуіне (лауазымдық еңбекақылар мен сыйақылардың мөлшерін айқындау, Қоғамның Даму жоспарын бекіту немесе түзету туралы мәселелерді қоспағанда) және Қоғамның Жалғыз акционеріне шығарылатын мәселелер бойынша комплаенс-сараптама және қорытындылар дайындау;

16) Қоғам қызметінің негізгі түрлері бойынша және Қоғам Басқармасының қарауына және бекітуіне шығарылатын тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу жөніндегі Қоғамның ішкі регламенттеуші құжаттарының жобаларын, сондай-ақ оларды кейіннен Директорлар кеңесі мен Жалғыз акционердің қарауына және бекітуіне шығара отырып, Қоғам Басқармасының алдын ала мақұлдауына шығарылатын кез келген мәселелерді комплаенс-сараптау/келісу;

17) Қоғамның негізгі қызмет түрлері бойынша шарттардың, келісімдердің және оларға енгізілетін өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың жобаларын комплаенс-сараптау/келісу;

18) комплаенс-тәуекелдерге неғұрлым бейім Қоғам қызметінің салаларына, анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне және оларды митигациялау және жою жөнінде қабылданатын шараларға мониторингті жүзеге асыру;

19) Қазақстан Республикасы заңнамасының нормалары қатысында анықталған сәйкессіздіктерді және комплаенс-бақылау мәселелері бойынша басқа да оқиғаларды тіркеу, тексерулердің нәтижелерін және бұзушылықтар туралы ақпаратты Қоғам Басқармасына және (немесе) Қоғамның Директорлар кеңесіне ұсыну;

20) контрагенттердің сенімділігін кешенді тексере отырып, Қоғамда тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу мониторингін жүргізу;

21) өз құзыреті шеңберінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органмен және өзге де ұйымдармен, оның ішінде Қоғамда қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар бойынша белгіленген тәртіппен ақпарат беру бойынша өзара іс-қимыл жасау;

22) оның қызметін регламенттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген Комплаенс-бақылаушының өзге де лауазымдық міндеттерін орындау.

11-1-тармақ Қоғамның Директорлар кеңесінің 30.10.2023 жылғы №14 шешімімен енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес толықтырылды.

11-1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс шеңберінде өз қызметін жүзеге асыру кезінде Комплаенс-бақылаушы:

1) егер онда дайындалып жатқан және (немесе) жасалған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы деректер болмаса, Қоғам және оның үлестес тұлғалары туралы ақпараттың, өз функцияларын жүзеге асыру кезеңінде белгілі болған инсайдерлік ақпараттың құпиялылығын сақтайды;

2) сыбайлас жемқорлықтың болжамды немесе нақты фактілері, Корпоративтік әдеп кодексінің нормаларын бұзу және Қоғамдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзге де ішкі регламенттеуші құжаттар бойынша жүгінген адамдардың құпиялылығын қамтамасыз етеді;

3) Қоғамның Директорлар кеңесін және Қоғамның Басқарма төрағасын сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзудың болуына немесе ықтимал мүмкіндігіне байланысты кез келген жағдайлар туралы уақтылы хабардар етеді;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның назарына белгілі болған дайындалып жатқан, жасалатын немесе жасалған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жағдайлары туралы жеткізеді;

5) Қоғамның белгіленген жұмыс режиміне кедергі келтірмейді;

6) іскерлік әдепті сақтайды.

11-2-тармақ Қоғамның Директорлар кеңесінің 30.10.2023 жылғы №14 шешімімен енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес толықтырылды.

11-2. Комплаенс-бақылаушы:

1) тексерудің бейтараптығына нұқсан келтіретін немесе осындай нұқсан келтіретін ретінде қабылданатын қызметке қатыспауы;

2) құпия ақпаратты жеке мүддесі үшін пайдаланбауы;

3) іскерлік әдеп нормаларын бұзбауы;

4) нәтижесінде оның тәуелсіздігіне, объективтілігіне және әділдігіне нұқсан келтірілуі мүмкін не осындай нұқсан келтіретін ретінде қабылдануы мүмкін сыйлықтарды қабылдамауы және қызметтерді пайдаланбауы;

5) Комплаенс-бақылаушыны мүдделер қақтығысына әкеп соқтыруы мүмкін тексерулерге, қызметтік тергеулерге және басқа да іс-шараларға қатыспауы тиіс.

5-тарау. Комплаенс-бақылаушының құқықтары мен жауапкершілігі

12. Комплаенс-бақылаушының құқықтары:

1) Қазақстан Республикасы заңнамасының және таратылуы шектелген ақпаратпен, құпия ақпараттың айналымымен және дербес деректерді қорғаумен жүргізілетін жұмыс тәртібін реттейтін Қоғамның ішкі регламенттеуші құжаттарының талаптарын ескере отырып,

өз өкілеттіктерін жүзеге асыру шеңберінде кез келген ақпаратқа, материалдар мен құжаттарға (Қоғамның ақпараттық жүйелерінен алынған ақпаратты, материалдар мен құжаттарды қоса алғанда), оның ішінде қызметтік, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын құжаттарды талап ету және оларға кедергісіз қол жеткізу;

2) комплаенс-тәуекелдерді анықтау және белгілеу мақсатында Қоғам қызметкерлерінен өздері орындайтын лауазымдық міндеттері және Қоғам мүлкін пайдалану бойынша ақпаратты (түсіндірмелерді) кідіріссіз беруін сұрату;

3) өз пікірін еркін және кедергісіз білдіру, хат алмасу, өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша ұсыныстарды, ұсынымдар мен ескертулерді Қоғамның органдарына, бөлімшелері мен лауазымды адамдарына жолдау;

4) комплаенс-тәуекелдерді іске асыруға байланысты инциденттерге қызметтік тергеп-тексерулер жүргізу (қызметтік тергеп-тексерулерге қатысу);

5) Қоғам қызметкерлерінің құқықтарын бұзу, өкілеттіктерін теріс пайдалану және мүдделер қақтығысы, Қоғамның корпоративтік әдеп кодексінің және Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының нормаларын бұзу жағдайларын анықтауға бағытталған сауалнама іс-шараларын жүргізу;

6) комплаенс-бақылауды жетілдіру және комплаенс-тәуекелдерді барынша азайту мақсатында Ішкі аудит қызметімен келісім бойынша Қоғамдағы аудиторлық тексерулердің нәтижелерін талдау;

7) комплаенс-тәуекелдерді анықтау және азайту тұрғысынан Қоғамның бизнес-процестерін талдау, Қоғам басшылығының келісімі бойынша комплаенс-тәуекелдерді анықтау кезінде Қоғамның кез келген бизнес-процестерін тоқтата тұру;

8) Қоғамның Басқарма төрағасына және (немесе) Директорлар кеңесіне Қазақстан Республикасы заңнамасының, Қоғамның ішкі регламенттеуші құжаттарының талаптарын сақтамауға кінәлі Қоғам қызметкерлерін және (немесе) лауазымды адамдарын жауапқа тарту туралы ұсыныстар енгізу;

9) өзіне берілген өкілеттіктер шеңберінде Қоғамның, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің барлық бөлімшелерімен, Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарымен, өзге де заңды және жеке тұлғалармен өзара іс-қимылды және ынтымақтастықты жүзеге асыру;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғамның ішкі регламенттеуші құжаттарында көзделген өзге де құқықтардың болуы.

13. Комплаенс-бақылаушы:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасын және Қоғамның ішкі регламенттеуші құжаттарын орындамағаны және (немесе) тиісінше орындамағаны үшін;

2) өзіне жүктелген және еңбек шартында, осы Ережеде, Қоғамның ішкі регламенттеуші құжаттарында көзделген міндеттерді орындамағаны және (немесе) тиісінше орындамағаны үшін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалатын қызметтік, коммерциялық және өзге де құпияны қамтитын мәліметтерді жария еткені, Қоғамда белгіленген құпиялылық режимін бұзғаны үшін;

4) Қоғамның еңбек тәртібін, еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы, өрт қауіпсіздігі қағидаларын сақтамағаны үшін;

5) кәсіптік және іскерлік әдеп нормаларын сақтамағаны үшін жауапкершілікте болады.

6-тарау. Комплаенс-бақылаушының еңбегіне ақы төлеу және әлеуметтік қамсыздандыру

14. Комплаенс-бақылаушының лауазымдық еңбекақысының мөлшері Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен белгіленеді.

15. Комплаенс-бақылаушының еңбегіне ақы төлеу және әлеуметтік қамсыздандыру тәртібі мен талаптары Қоғам қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу және әлеуметтік қамсыздандыру жөніндегі Қоғамның ішкі регламенттеуші құжатымен реттеледі.

7-тарау. Қорытынды ережелер

16. Осы Ережеге өзгерістер және (немесе) толықтырулар Қоғамның ішкі регламенттеуші құжаттарында көзделген тәртіппен енгізіледі.

17. Осы Ережені өзектендіру үшін жауапкершілік Комплаенс-бақылаушыға жүктеледі.

18. Осы Ережеде тікелей көзделмеген мәселелер Қоғамның тиісті ішкі регламенттеуші құжаттарымен және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.